

«Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін
себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілген
мемлекеттік сатып алу саласы бойынша ұсынымдарды талқылаудың
Х А Т Т А М А С Ы № 1

Сарыағаш қ.

19 тамыз 2024 ж.

Жиналыс төрағасы: Г.У. Низамова - басшының экономика және әкімшілік шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары (*топ мүшесі*)

Хатшы: Комплаенс - қызметкер - Н.Ә. Садырбай (*топ мүшесі*)

Қатысқандар:

- Басшының медицина сапасын бақылау ісі жөніндегі орынбасары - Д.Т.Әліпбаев (*топ мүшесі*)
- Бас медбике - Г.У.Мамытбекова (*топ мүшесі*)
- Емхана меңгерушісі - С.С.Усипбеков (*топ мүшесі*)
- Мамандар бөлімінің басшысы - Ж.Ж.Алманова (*топ мүшесі*)

Күн тәртібінде:

«Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да (*бұдан әрі - Кәсіпорын*) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарына мемлекеттік сатып алу саласы бойынша енгізілген ұсынымды талқылау.

Төрағалық етуші Г.У. Низамова:

Құрметті әріптестер! Өздеріңізге белгілі, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет*) Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.02.2023 жылғы №21 бұйрығының негізінде Кәсіпорын басшысының 15.04.2024 жылғы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» №287н/қ бұйрығына сәйкес, ағымдағы жылдың 17 мамыр - 28 маусым аралығында Кәсіпорында (*2023 жыл - 2024 жылдың 6 айы мерзімі қамтылған*) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (*бұдан әрі - Ішкі талдау*) жұмысы жүргізілді.

Нәтижесімен, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет*) Төрағасының 30.12.2022 жылғы №488 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде тиісті талдамалық анықтама жасалған.

Сонымен қатар, аталған әдістемелік ұсынымның 5-қосымшасына сәйкес Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген.

Осы іс-шаралар жоспарына мемлекеттік сатып алу саласына байланысты енгізілген ұсынымды талқылау үшін сөз комплаенс-қызметкер Н.Садырбайға беріледі:

Құрметті топ мүшелері, әріптестер! Жоғарыда айтып өткен бұйрықтардың негізінде Кәсіпорында 2023 жыл - 2024 жылдың 6 айы мерзімін қамти отырып сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесімен талдамалық анықтама жасалып, іс-шаралар жоспары бекітілді.

Ішкі талдау келесі 2 бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Екінші бағыт бойынша, яғни Кәсіпорынның ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінде, оның ішінде мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша күнделікті жұмыс барысында қолданыстағы ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының және осы саладағы заңнамалық актілерді қатаң сақтау көрсетілген.

Осыған орай, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (*Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет*) Төрағасының 30.12.2022 жылғы №488 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде (*5-қосымшасына сай*) басшылықпен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары (*бұдан әрі - Іс-шара жоспары*) бекітіліп, оған мемлекеттік сатып алу бағытындағы ұсынымдар енгізілген.

Жалпы алғанда, Кәсіпорынмен ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сай мемлекеттік сатып алулар өткізудің саны мен қаражат көлемі айтарлықтай жоғары.

Бұл жағдай, өз кезегінде жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелінің өте жоғары екендігін көрсетеді.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының және осы бағытта күнделікті жұмыс барысында қажет болатын заңнамалық актілерді қайта зерделеп және талқылап отыру қажет.

Жоғарыда көрсетілгендерді және күн тәртібіндегі мәселе бойынша қатысушылардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап және талқылап,

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаудың талдамалық анықтамасы және іс-шаралар жоспары (*5-қосымша*) назарға алынсын.

2. Кәсіпорынның әкімшілік бөлімінің мемлекеттік сатып алу есепшісі:

- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының және осы саладағы басқа да қолданыстағы заңнамалық актілердің нормаларын күнделікті жұмыс барысында қатаң сақтауды;

- Кәсіпорынмен мемлекеттік сатып алулар жүргізу және жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу барысында ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» және осы бағыттағы басқа да мәселелерді реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауды қамтамасыз етсін.

3. Осы хаттамалық шешімнің орындалуын бақылау Кәсіпорынның заңгері А.Сарсенбековке жүктелсін.

Төрағалық етуші:



Г.У. Низамова

Хатшы:



Н.Ә. Садырбай